

Жалпы ережелер

1. «Казбургаз» акционерлік қоғамының осы Жарғысы (бұдан әрі - Қоғам), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қарашадағы № 1568 «Қарашығанақ мұнайгаз конденсаты кен орны бойынша Өнімдерін бөлу жөніндегі Соңғы Келісімнің кейбір мәселелері туралы» Қаулысы және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі мемлекеттік мүлік және жекешелендіру Департаментінің 1998 жылғы 12 қаңтардағы № 02 «Қарашығанақ мұнайгаз конденсаты кен орны бойынша Өнімдерін бөлу жөніндегі Соңғы Келісімнің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 14 қарашадағы № 1568 қаулысын жүзеге асыру туралы» Қаулысы негізінде «Қарашығанақгазпром» акционерлік қоғамынан бөліну жолымен құрылған, оның атауын, мекенжайын, құрылу жолы мен оның органдарының құзіретін, қайта құрылу шарттары мен қызметін тоқтатуды, Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да ережелерін анықтайды.
2. Қоғамның толық атауы:
 - 1) мемлекеттік тілде: «Казбургаз» акционерлік қоғамы;
 - 2) орыс тілінде: акционерное общество «Казбургаз»;
 - 3) ағылшын тілінде: Joint Stock Company « Kazburgas ».
3. Қоғамның қысқаша атауы:
 - 1) мемлекеттік тілде: «Казбургаз» АҚ;
 - 2) орыс тілінде: АО «Казбургаз»;
 - 3) ағылшын тілінде: JSC «Kazburgas».
4. Қоғамның атқарушы органының мекенжайы: (090300), Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, өндірістік аймақ, а/ж 17.

Қоғамның заңдық мәртебесі

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарды иеленеді, жауапкершілік алады, сотта жауапкер және талапкер бола алады.
6. Қоғамның өз мөрі, атауы жазылған бланкілері мен қызметін жүзеге асыруға қажетті басқа да реквизиттері бар.
7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамаларын және осы Жарғыны басшылыққа алады.
8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.
9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген тәртіппен, Қоғам тұрған жерден тыс жерде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар жөніндегі Ереже негізінде Қоғам атынан әрі оның тапсырмасымен әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі

10. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапкершілік алады.
11. Қоғам өз акционерінің мүлкінен бөлектенген мүлікті иеленеді және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам акционері Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өзіне тиісті акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындарға тәуекел етеді.
12. Қоғам мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді, мемлекет те Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Қоғам қызметінің негізгі түрлері

13. Қоғам қызметінің негізгі түрлеріне жатады:

- 1) мұнай мен газ ұңғымаларының құрылысы (құрастыру, бұзу, бұрғылау, бекіту, сынау);
- 2) су және басқа да арнайы ұңғымалардың құрылысы;
- 3) пайдаланудағы және басқа да арнайы ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізу;
- 4) ұңғыманы жер асты жөндеу, ұңғыманың жер асты жабдығын жөндеу;
- 5) кәсіпорындар мен тұрғындарға тампонаждық және басқа да қызметтер көрсету;
- 6) кәсіпорындар мен тұрғындарға автокөлік және басқа да қызметтер көрсету;
- 7) қою тұзды тоспаны технологиялық қажеттіліктер үшін өндіру және кәсіпорындарға өткізу;
- 8) бұрғы ерітінділерін технологиялық процестер үшін дайындау және кәсіпорындарға өткізу;
- 9) ғимараттар мен құрылымдар салу және жөндеу;
- 10) тауарларды өндіру және өткізу, қоғамдық ұйымдарға, кәсіпорындарға және тұрғындарға қызмет көрсету;
- 11) сыртқы экономикалық, коммерциялық, тауарлық-делдалдық қызмет;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған басқа да қызметтер. Заңнамамен белгіленген тәртіппен алынатын лицензия не басқа да рұқсат түрін алуды қажет ететін қызметтің түрлері, тиісті лицензия не басқа рұқсат түрі алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

Қоғамның мүлкі мен капиталы

14. Қоғам мүлкі мына есептен құралады:

- 1) қызметінің нәтижесінде алынған түсімдерден;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған негіздерде алынған басқа мүліктерден.
15. Қоғамның жарғылық капиталының мөлшері қоғамның проспектегі акцияларын шығару кезінде анықталған.
16. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен акцияларды шығару және орналастыру жолымен Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады.

Акциялар, акциялар бойынша дивидендтер Таза табысты бөлу тәртібі.

17. Қоғам акциялар, облигациялар, айналымға түсетін және басқа құнды қағаздар, соның ішінде туынды құнды қағаздар шығаруға құқылы. Қоғамның құнды қағаздар шығару, тіркеу, орналастыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады. Қоғам жай және артықшылықты акциялар шығарады. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.
18. Қоғамның акция мөлшері мен олардың номиналды бағасы қоғамның проспектегі акцияларын шығару кезінде анықталған.
19. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер ақшалай не құнды қағаздар түрінде мына жағдайда төленеді, егер дивиденд төлеу туралы шешім Жалғыз акционермен шығарылса, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді құнды қағаздармен төлеуге жол берілмейді. Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді құнды қағаздармен төлеу Жалғыз акционердің жазбаша келісімімен, Қоғамның жарияланған акциялары және шығарылған облигацияларымен төленген жағдайда ғана мүмкін бола алады.

Дивидендтер алуға құқтары бар акционерлердің тізімі, дивидендтер төлеу күнінің алдыңғы күніне жасалады. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлеу төлем агенті арқылы да жүргізіледі. Төлем агентінің қызметін төлеу Қоғам есебінен жүргізіледі. Қоғаммен сатып алынған не орналастырылмаған акциялар бойынша, сондай-ақ сотпен не Жалғыз акционермен оны тарату туралы шешім қабылданса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеуге жол берілмейді:

- 1) меншікті капитал мөлшері теріс болғанда немесе акциялар бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде Қоғамның меншікті капиталының мөлшері теріс болса;
- 2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі не дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе немесе оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде Қоғамда осы белгілер пайда болса.

20. Жай акция, акционерге акционерлердің жалпы жиналысында дауысқа салынатын барлық сұрақтар бойынша шешім қабылдағанда дауыс құқымен қатысуға, Қоғамда таза табыс болғанда дивидендтер алу құқын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қоғам тарағанда оның мүлкінің бөлігін алу құқын береді. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл қорытындысы бойынша Жалғыз акционердің шешімімен және дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған уақыттан бастап 4 ай ішінде жүзеге асырылады. Жалғыз акционер Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдауға және ол жөнінде шешім қабылданған уақыттан бастап он жұмыс күн ішінде баспасөз беттерінде жариялауға құқылы.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған уақыттан бастап он жұмыс күн ішінде баспасөз беттерінде жарияланады («Приуралье» және «Орал өңірі»).

Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім келесі мәліметтерді құрайды:

- 1) Қоғам атауы, мекенжайы, банктік және басқа реквизиттері;
- 2) дивидендтер төлеу мерзімі;
- 3) бір жай акция есебімен дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеуді бастау күні;
- 5) дивиденд төлеу тәртібі мен нысаны.

21. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғамның тиісті органының шешімін қажет етпейді, Жарғының 19 тармағының 1), 2) тармақшаларымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді толығымен төленбей жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімі басталмастан бұрын 5 жұмыс күні ішінде, Қоғам, 20 тармақтың 1), 2), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді көрсете отырып дивидендтерді төлеу жөніндегі ақпаратын, сондай-ақ Қоғамның бір артықшылықты акциясы есебімен дивидендтің мөлшерін баспасөз беттерінде жариялауға міндетті.

Қоғамның артықшылықты акциясы оның иесіне мына құқықтарды береді:

- 1) акционерлердің, жай акцияларды ұстаушылардың алдында Жарғының 18 тармағы, 2 тармақшасында көрсетілген мөлшерден аз және осы мерзім ішінде жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен кем емес дивидендтер алуға басымдықты;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен, Қоғам тарағанда оның мүлкінің бөлігін алуға.

Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқын бермейді, келесі жағдайларды қоспағанда:

- 1) Қоғамның Жалғыз акционері артықшылықты акциясы бар акционердің құқын шектейтін шешім бойынша сұрақты қарайды. Бұндай сұрақ бойынша шешім қабылданды деп саналады, егер шектеу үшін орналастырылған (сатып алынғандарын алып тастағанда) артықшылықты акциялардың жалпы санының үштен екісінен кем емес дауыс берілсе;
- 2) Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамды қайта құру не тарату туралы сұрақты қарайды;
- 3) төлеуге белгіленген мерзімнің аяқталған уақытынан бастап үш ай ішінде артықшылықты акциялар бойынша дивиденд толық мөлшерде төленбесе. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер жыл қорытындысы бойынша және жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған уақыттан бастап жылдың төрт күнтізбелік айы ішінде төленеді.

22. Қоғам акционері құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға, жалғыз акционермен не Қоғам жарғысымен анықталған тәртіппен;
- 4) тізілім ұстаушыдан немесе атаулы ұстаушыдан Қоғамның құнды қағаздарына меншік құқығын растайтын көшірме алуға;
- 5) Қоғамның жалғыз акционеріне Қоғам директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
- 6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;
- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да құнды қағаздарын артықшылықпен сатып алуға, заңнамалық актілермен көзделген өзгеше жағдайларды қоспағанда;

Осы тармақпен белгіленген, акционерлердің құқтарын шектеуге жол берілмейді.

23. Қоғам акционері міндетті:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) тізілім ұстаушысына немесе акционерге тиесілі акцияларды атаулы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың реестрін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он күн ішінде хабарлауға;
- 3) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

24. Қоғамның таза табысы (бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның иелігінде қалады және Қоғамның өндірістік дамуына жұмсалады, оның ішінде дивидендтер төлеуге, қорлар құруға немесе жалғыз акционердің шешімімен көзделген басқа да мақсаттарға.

Қоғам органдары

25. Қоғам органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Қоғамның Президенті.

26. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, барлық дауыс беретін акциялар Қоғамның Жалғыз акционеріне, заңды тұлғаға тиесілі болса, акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. ҚР “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңымен көзделгендей, акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жататын мәселелер бойынша шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешімдер қабылдауға құқы бар органмен, лауазымды тұлғалармен не заңды тұлға қызметкерлерімен қабылданады және жазбаша түрде ресімделеді, егер осы шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылатын құқықтарды бұзбаса не шектемесе.
27. Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне келесі мәселелер жатады:
- 1) Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе жаңа редакцияда бекіту;
 - 2) корпоративті басқару кодексін бекіту, егер аталған кодексті қабылдау Қоғам жарғысымен қарастырылған болса, оған өзгерту мен толықтыру енгізу;
 - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдасыру немесе тарату;
 - 4) Қоғамның жарияланған акциялар санын көбейтуге шешім қабылдау немесе қоғамның жарияланған орналастырылмаған акцияларының түрлерін өзгерту;
 - 5) Қоғам құнды қағаздарының айналымы шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ олардың өзгеруі;
 - 6) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
 - 8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
 - 9) Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту;
 - 10) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысында қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 11) Осы Жарғының 19 тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 12) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға қатысуы, жарғылық капиталынан үлес алуы /Қоғамға тиесілі барлық активтердің он пайыздан жоғары сомасын құрайтын активтерін беру арқылы басқа заңды тұлғаның акцияларын алу, сондай-ақ жарғылық капиталдағы үлесі не акциялары Қоғамға тиесілі заңды тұлғаны тоқтату, жарғылық капиталындағы үлесін иесіздендіру туралы шешім қабылдау/Қоғамға тиесілі басқа заңды тұлғаның акцияларын иесіздендіру туралы шешім қабылдауы;
 - 13) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты баспасөз басылымында беру туралы шешім қабылдау;
 - 14) Осы Жарғыға сәйкес, Қоғам акцияларды сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесінің өзгертулерін (құрылтай жиналысымен бекітілмеген болса, әдістемені бекіту) бекіту;
 - 15) Акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде баспасөз басылымын анықтау, егер бұндай тәртіп Қоғам жарғысымен белгіленбеген болса;
 - 16) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
 - 17) Қоғам акцияларын ерікті түрде делистингтеу туралы шешім қабылдау;
 - 18) Жалғыз акционер Қоғам қызметіне қатысты кез-келген мәселені қарастыруға құқылы;
 - 19) Қоғам бюджетін бекіту;

20) Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін өзге де мәселелер.

Директорлар Кеңесі

28. Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңымен және Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
29. Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне келесі мәселелер жатады:
- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
 - 2) Акцияларды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдау, оның ішінде жарияланған акциялардың саны, орналастыру тәсілі мен құны (сату) туралы шешімдер қабылдау;
 - 3) орналастырылған акцияларды не құнды қағаздарды Қоғамның сатып алуы және сатып алу құны туралы шешім қабылдау;
 - 4) Қоғамның қаржылық есептілігін келісу;
 - 5) Қоғамның облигациялары мен өндіруші құнды қағаздарын шығару шарттарын анықтау;
 - 6) Қоғамның Президентін тағайындау, оның өкілеттігі мерзімін анықтау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 7) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғам Президенті қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде Қоғамның құнды қағаздарына жазылу және аукциондар өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;
 - 8) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережені бекіту;
 - 9) басқа заңды тұлғалардың он пайыздан артық емес акциясын (жарғылық капиталдағы үлесі) сатып алу туралы шешім қабылдау;
 - 10) Қоғамның міндеттемелерін меншікті капитал мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерге көтеру;
 - 11) бұрынғы тіркеушімен келіміс-шарт бұзылған жағдайда басқа тіркеушіні таңдау;
 - 12) қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияға жататын Қоғам туралы ақпаратты не оның қызметін айқынфдау;
 - 13) ірі мәмілелерді жасасу және Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау;
 - 14) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның төрағасы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, оның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары мен мөлшерін, сыйақы мөлшерін анықтау;
 - 15) Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін және Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне кірмейтін өзге де мәселелер.
- Жоғарыда аталған мәселелер Қоғамның Президентіне шешу үшін берілмейді. Қоғамның директорлар кеңесі Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғамның Президентінің айрықша құзіретіне жататын сұрақтарды шешуге құқысыз, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.
30. Директорлар Кеңесінің құрамы.
- 30.1. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері :
- 1) акционерлерден – жеке тұлғалардан;
 - 2) акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалардан;
 - 3) басқа да тұлғалардан (аталған тармақтың төменде белгіленген шектеулері есебімен) тағайындалады.

- 30.2. Директорлар кеңесіне Қоғам акционері болмайтын және акционер мүддесін өкілдейтін директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлға мүше бола алады. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан артық болмауы керек. Қоғам Президенті Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмау керек. Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуы керек. Директорлар кеңесі құрамына сайланушы тұлғаларға қойылатын талаптар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітіледі. Қоғам Президенті Қоғамның Директорлар кеңесі құрамына сайлана алады.
- 30.3. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғам Жарғысымен басқаша көзделмесе, шектеусіз сайлана алады. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционермен белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі, жаңа Директорлар кеңесінің құрамын бекіту туралы Жалғыз акционердің шешімі шыққан сәттен бастап аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық не жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату оның өз бастамасымен Қоғамның Директорлар кеңесіне жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің бұндай мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесі өтінішті алғаннан бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуы жағдайында, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады, бұндай кезде Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен қатар жаңадан сайланған мүшесінің де өкілеттігі тоқтатылады.
- 30.4. Директорлар кеңесінің төрағасы, оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен құпия дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесі кез-келген уақытта төрағаны қайтадан сайлауға құқылы. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайларда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесінің бір мүшесі атқарады.
31. Директорлар кеңесінің отырысы, оның төрағасының не Қоғамның Президентінің бастамасымен немесе мынадай талаптар бойынша шақырылуы мүмкін:
- 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің талабы;
 - 2) Қоғам аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның талабы.
32. Қоғам директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап, Директорлар кеңесі төрағасының атына Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін қамтитын жазбаша хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады. Директорлар кеңесі төрағасы отырысты шақырудан бас тартса, бастамашы Директорлар кеңесі отырысын өткізуге міндетті Қоғамның Басқарма Төрағасына (Президентіне) талабымен жүгінуіне құқылы. Директорлар кеңесінің төрағасы не Қоғамның Басқарма Төрағасы (Президенті) ондай талап түскеннен бастап 10 күн ішінде директорлар кеңесінің отырысын өткізуі мүмкін. Директорлар кеңесінің отырысына талап қойған тұлға міндетті түрде шақырылады. Директорлар кеңесі отырысын шақыру туралы Директорлар кеңесі мүшелеріне хабарлама жіберудің тәртібін Директорлар кеңесі анықтайды. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Басқарма Төрағасын (Президентін) өзінің Директорлар кеңесі отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын-ала хабарлауға міндетті.
33. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысын өткізу үшін кворум Қоғам директорлар кеңесі мүшелерінің жартысына жуығын құрайды. Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғымен көзделгендей, кворум жинауға жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі жаңадан мүшелер сайлау үшін Жалғыз акционерге жүгінуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері,

Жалғыз акционерге осындай шешім қабылдауды сұрап шешім шығаруға құқылы. Қоғам Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысты иеленеді.

34. Директорлар кеңесінің шешімдері, отырысқа қатысушы Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқаша көзделмесе. Тең дауыс болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының не Директорлар кеңесі отырысында төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады. Директорлар кеңесі тек қана Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырысын өткізу үшін шешім қабылдауға құқылы. Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған сұрақтар бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаудың мүмкіндігі және ондай шешім қабылдаудың тәртібін қарастыру жағдайлары болуы мүмкін.

Сырттай дауыс беру жолымен алынған шешім, мерзімінде алынған бюллетендермен кворум болғанда қабылданды деп танылады.

35. Бюллетень мынаны қамтиды:

- 1) Қоғамның толық атауы;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметті;
- 3) сырттай дауыс беру бюллетендерін берудің нақты күнін;
- 4) дауыс беру бойынша нақтыланған сұрақтар;
- 5) дауыс беру варианттары, “иә”, “қарсы”, “қалыс қалды” деген сөздер;
- 6) бюллетень толтыру тәртібін түсіндіру.

36. Қоғам Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделеді және қоғамның Директорлар кеңесі төрағасы мен хатшысының қолдары қойылады. Шешім ресімделген күннен бастап 20 күн ішінде, шешімдер, Директорлар кеңесі мүшелеріне бюллетендермен қоса жіберіледі.

37. Күндізгі тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған Қоғам директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, отырыс өткізілген уақыттан бастап 3 күн ішінде толтырылады және төрағалық еткен тұлғаның, хатшының қолы қойылады және мыналарды қамтиды:

- 1) Қоғам атқарушы органының толық атауы мен мекенжайы;
- 2) отырыстың күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысушылар туралы мәлімет;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа салынған сұрақтар, оларды дауысқа салудың қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесі шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

38. Сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғам архивінде сақталады. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша отысытың хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді, немесе Қоғамның уәкілетті қызметшісінің қолы мен мөрі қойылған олардың көшірмелерін беруге міндетті.

Қоғамның Атқарушы органы

39. Ағымдағы қызметті басқаруды Қоғам Президенті жүзеге асырады. Президент Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзіретіне жатпайтын Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. Президент Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
40. Президент басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын қатар атқаратын тұлғаның немесе атқарушы орган басшысының қызметін атқаруға құқы жоқ. Қоғамның атынан Президентпен еңбек шартын жасасуға Директорлар кеңесінің төрағасының, немесе Жалғыз акционермен не директорлар кеңесімен уәкілеті

жүретін тұлғаның қолы қойылады, ағымдағы қызметтің басшылығын Президент жүзеге асырады.

41. Қоғам, атқарушы органның Қоғаммен белгіленген шектеулерді бұзу арқылы жасаған мәмілелерін даулауға құқылы, егер мәміле жасасарда тараптар осы шектеулер жөнінде алдын-ала білген болса.
42. Президент уәкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Жалғыз акционердің шешімімен, сондай-ақ аталған тұлғалардың Қоғаммен жасасқан жеке еңбек шарттарымен белгіленеді.
43. Вето құқы белгіленген мәселелер бойынша Басқарманың шешімдері “алтын акцияның” иесімен келісілуге жатады.
44. Басқарманың уәкілеттіктері:
 - 1) Жалғыз акционердің, және/не Директорлар кеңесінің және/не Басқарманың шешімдерінің орындауды ұйымдастырады;
 - 2) өз құзіреті шегінде, үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 3) өз құзіреті шегінде, үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
 - 4) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешім қабылдайды;
 - 5) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, тәртіптік жазалар қолданады, қоғам қызметкерлерінің еңбекақыларының мөлшерін белгілейді және Қоғамның штат кесесіне сәйкес еңбекақыға үстемелер көлемін белгілейді, бекітілген бюджет шегінде қоғам қызметкерлеріне сыйақы көлемін анықтайды.
 - 6) Қоғамның барлық қызметкерлеріне міндетті түрде орындайтын бұйрықтар шығарады және өкім береді, ережелер мен рәсімдерді, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын бекітеді;
 - 7) Бекітілген бюджет аясында Қоғамның штат кестесін, ұйымдық құрылымын бекітеді және Қоғамның жұмыс режимін, оның филиалдары мен өкілдіктерінің жұмыс режимін белгілейді.
 - 8) қаржылық-шаруашылық қызметті ұйымдастырады, осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көрсетілген өкілеттіктерге сәйкес Қоғам атынан мәмілелер жасайды;
 - 9) өз құзіреті шегінде Қоғам мүлкін басқарады;
 - 10) Директорлар кеңесі мүшелеріне өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде Қоғам қызметі туралы, оның ішінде құпия түрдегі ақпараттарды сұраныс түскен кезден бастап жиырма күн ішінде дер кезінде берілуін қамтамасыз етеді;
 - 11) Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің құзіретіне жататын мәселелерден басқа, Қоғам қызметіне қатысты барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;
 - 12) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерінің, тәуелді акционерлік қоғамдар мен қол астындағы ұйымдардың жұмысын үйлестіреді, бағыттайды;
 - 13) бюджеттің, Қоғам жұмысының ағымдағы және перспективалы жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;
 - 14) банктерде Қоғамның есеп, валюталық және басқа шоттарын ашады;
 - 15) Қоғам міндеттемесін оның меншікті капиталының он пайызына дейінгі шамаға көбейту;
 - 16) Табыс және шығын бөліктері бойынша Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес пайызынан аспайтын сомада Қоғам атынан мәмілелер жасайды;
 - 17) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне жатпайтын өзге де функцияларды жүзеге асырып, Қоғам қызметін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

45. Қоғам Президентінің жалақысының мөлшері, еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттары Директорлар кеңесінің немесе Жалғыз акционердің шешімімен анықталады.
46. Филиал директоры Қоғамның Президенті берген сенімхат негізінде Жұмыс берушінің (Қоғамның) өкілі ретінде жеке тұлғалармен еңбек қатынастарына түседі. Бұл жағдайда, филиал директорының орынбасарын, бас бухгалтерін, бас инженерді қабылдау, ауыстыру және босату филиал директорының құзіретіне кірмейді, бірақ Қоғам Президентінің құзіретіне кіреді.
47. Өкілдік директоры Қоғамның Президенті берген сенімхат негізінде Жұмыс берушінің (Қоғамның) өкілі ретінде жеке тұлғалармен еңбек қатынастарына түседі. Бұл жағдайда, өкілдік директорының орынбасарын, бас бухгалтерін, бас инженерді қабылдау, ауыстыру және босату филиал директорының құзіретіне кірмейді, бірақ Қоғам Президентінің құзіретіне кіреді.

Ішкі аудит қызметі

48. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін ішкі аудит қызметі құрылады.
49. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен өзге де қызметкерлері Қоғамның атқарушы органына және Директорлар кеңесі құрамына сайлана алмайды.
50. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.
51. Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері:
 - 1) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін реттейтін ішкі құжаттарды қабылдауын бақылау;
 - 2) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен жасалатын операциялар мен әрекеттерді тұрақты жоспарлы және жоспардан тыс тексеруді ұйымдастыру;
 - 3) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен жекелеген қызметкерлердің жұмысындағы кемшіліктер мен бұзушылықтар туралы Қоғам Директорлар кеңесіне хабарлап отыру;
 - 4) Қоғамның жұмысындағы кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою бойынша нақты іс-шараларды көрсетіп, қоғам қызметін тиімді ету әрі жақсарту жөніндегі ұсыныстарды қоғам басшылығына түсіру.
52. Ішкі аудит қызметі өкілеттігіне мыналар жатады:
 - 1) жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер арқылы Қоғаммен жасалатын операциялар мен әрекеттердің қолданыстағы заңнамаға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкестілігін анықтау;
 - 2) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін қажетті бухгалтерлік және қаржылық-шаруашылық құжаттарды алу мен тексеру;
 - 3) Қоғам органдарымен қабылданған Қоғамның барлық құжаттарын талдаудан өткізу;
 - 4) Қоғамның кез келген орнына кедергісіз кіру (кіруі шектелген орындарға - Қоғамның Басқармасы Төрағасының (Президентінің) жазбаша рұқсатымен);
 - 5) Ішкі аудит жүргізу үшін қажет болғанда Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін тарту;
 - 6) өздерінің функционалдық міндеттерін бұзған Қоғам қызметкерлерін міндеттерінен аластату жөнінде Қоғам директорлар кеңесіне хабарлау, не негіздемелер болған жағдайларда Қоғамның (оның құрылымдық бөлімшелері) кейбір операцияларын тоқтату.
53. Ішкі аудит басшысы мен қызметкерлері жоғары білімді болуы, қаржылық және шаруашылық заңнамаларды білуі, өз функцияларына сай кәсіби дағдылы және кәсіби білікті болуы тиіс.
54. Қоғам қызметкерлері Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасайтын ішкі аудит қызметіне жан-жақты көмек көрсетуге міндетті.

Қоғамды қайта құру және тарату

5. Қоғам Жалғыз акционердің шешімімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған басқа негіздерде қайта құрыла алады және таратыла алады. Қоғамның қайта құрылу және таратылу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Жалғыз акционерге Қоғам қызметі туралы ақпаратты беру

56. Қоғам Жалғыз акционердің мүдделерін қорғайтын Қоғам қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционерге жеткізуге міндетті.
57. Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қорғайтын ақпараттары болып мыналар танылады:
- 1) Директорлар кеңесімен қабылданған шешімдер және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің шешімдерін орындау жөніндегі ақпараттар;
 - 2) Қоғаммен шығарылатын акциялар мен басқа құнды қағаздар және қаржылық ұйымдар мен қаржы рыногын бақылау және реттеу бойынша уәкілетті органның Қоғамның құнды қағаздарды орналастыру қорытындылары бойынша есептерін, Қоғамның құнды қағаздарын өтеу қорытындылары бойынша есептерін, қаржылық ұйымдар мен қаржы рыногын бақылау және реттеу бойынша уәкілетті органның Қоғамның құнды қағаздарын жоққа шығаруын бекітеді;
 - 3) Қоғам мүдделілік танытқан ірі және ұсақ мәмілелер жасасу;
 - 4) Қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде займ алуы;
 - 5) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерімен айналысуы үшін лицензия алуы, қандай да бір қызмет түрлерімен айналысу үшін Қоғаммен бұрын алынған лицензияның күшін уақытша тоқтату не тоқтату;
 - 6) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;
 - 7) Қоғам мүлкін тұтқындау;
 - 8) нәтижесінде Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын Қоғам мүлкі жойылған төтенше жағдайлар пайда болғанда;
 - 9) Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
 - 10) Қоғамды еркінен тыс қайта құру туралы шешім;
 - 11) Қоғам Жарғысына сәйкес, Жалғыз акционердің мүддесін қозғайтын басқа да ақпараттар.
58. Жалғыз акционердің мүддесін қозғайтын, Қоғам қызметіне қатысты ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес, “Юридическая газета” басылымында жарияланады.

Аффилирленген тұлғалар туралы ақпарат

59. Қоғам, тіркеушісі не тұлғалардың өздері берген мәліметтер негізінде, өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін жүргізеді.

60. Жалғыз акционерге және Қоғамның лауазымды тұлғаларына өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы берілетін ақпараттың тәртібі Қоғамның директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.
61. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын заңды және жеке тұлғалары, Қоғамға жеті күн ішінде өздерінің аффилиирленген тұлғалары жөніндегі мәліметтерін беруге міндетті.
62. Қоғам, уәкілетті органға өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін белгіленген тәртіппен беруге міндетті.

Қоғам қызметін тоқтату шарттары

63. Қоғам қызметін тоқтату оны қайта құру не жою жағдайында ғана мүмкін.
64. Қоғамды қайта құру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
65. Қоғамды ерікті түрде жою туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды, ол Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, кредиторлардың келісімімен және олардың бақылауымен жою рәсімін анықтайды.
66. Қоғамды еркінен тыс тарату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жағдайларда сотпен жүзеге асырылады.
67. Қоғамды тарату рәсімі және кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
68. Қоғамды жою кезінде оның жарияланған, орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

Қорытынды ережелер

69. Жарғымен реттелмеген жағдайларда Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады. Осы Жарғы заңмен белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

«Казбургаз» АҚ
Президенті



Ж.Ш. Утебалиев

Тасбекев

Шурбақов

Шарипов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
БӨРЛІ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

9.06.2009 *

ЖАРҒЫҒА 2009 ж. "12" 10

№ 227-1936 03-А/6 КҮӘЛІК

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТІРКЕЛГЕН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
БӨРЛІ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

9704000012 БСН

Б Е К І Т І Л Д І
2009 ЖЫЛҒЫ «1» МАУҒЫМ

Жалғыз акционердің шешімімен

**«Казбургаз»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Ақсай қаласы, 2009 жыл.

УТВЕРЖДЕН
Решением единственного акционера
от « 1 » ИЮНЯ 2009г

УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«Казбургаз»

г. Аксай, 2009 г.

Общие положения

1. Настоящий Устав акционерного общества «Кабургаз» (далее - Общество), созданного путем выделения из акционерного общества «Карачаганакгазпром» на основании постановления Правительства Республики Казахстан от 14 ноября 1997 г. № 1568 «О некоторых вопросах Окончательного Соглашения о Разделе Продукции по Карачаганакскому нефтегазоконденсатному месторождению» и постановления Департамента государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 12 января 1998 г. № 02 «О реализации постановления Правительства Республики Казахстан от 14 ноября 1997 г. № 1568 «О некоторых вопросах Окончательного Соглашения о Разделе Продукции по Карачаганакскому нефтегазоконденсатному месторождению», определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.
2. Полное наименование Общества:
 - 1) на государственном языке: «Казбургаз» акционерлік қоғамы;
 - 2) на русском языке: акционерное общество «Казбургаз»;
 - 3) на английском языке: Joint Stock Company « Kazburgas ».
3. Сокращенное наименование Общества:
 - 1) на государственном языке: «Казбургаз» АҚ;
 - 2) на русском языке: АО «Казбургаз»;
 - 3) на английском языке: JSC «Kazburgas».
4. Местонахождение исполнительного органа Общества: (090300), Республика Казахстан, Западно – Казахстанская область, Бурлинский район, г. Аксай, промзона, а/я 17

Юридический статус Общества

5. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.
6. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.
7. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан и законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.
8. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.
9. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании Положения о них.

Ответственность Общества и акционера

10. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.
